

ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Кеше ұлттық әдебиет әлемі айрықша оқиғаның куәгері болды. Қазақстан Жазушылар одағында «Ғасыр ақыны» атанған қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мұқағали Мақатаевқа арналған энциклопедия жарыққа шықты. Тұлғалық энциклопедия – ақынның мол әдеби мұрасының қауызын ашып, оның асыл дүниін оқырман қауымға барынша саралап көрсетуді мақсат тұтқан үлкен жинаққа айналды.


Айған ЕСАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Талайдан жоспарланған энциклопедия тұсаукесеріне Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин, қоғам қайраткері Шәмша Беркімбаева бастаған Алматы зиялылары, ақынның замандастары, танымал жазушылар қатысты.

– Қазақстандағы тұлғалық энциклопедиялардың алғашқысы – «Абай» болса, бүгінгісі – «Мұқағали». Екеуі де ұлы ақын, екеуі де энциклопедия арнауға тұрарлық ақын. Бірақ екі энциклопедияның арасында үлкен өзгерістер болды. Абайды шығарудың оңайлығы, оған көп жылдар ақын шығармашылығын зерттеген ғалымдар қатысты да және Абай өлеңдері жайлы еңбектер көп болды. Ал мұқағалитану енді

ғана қолға алынғандықтан, ғылыми тұрғыдағы материалдардың көпшілігі әрі жарық көрмегендіктен, біраз қиындықтар болды. Соған қарамастан, Алматыдағы ақын-жазушылардың, сыншылардың күшін пайдаланып, осы кітапты шығардық. Мұнда басты тақырып – Мұқағалидың өлеңдері. «Мұқағали 1001 өлең шығарған» дейді. Бұл кітапта сол мынанан астам туынды энциклопедияға түгел енді. Екіншіден, ақын шығармаларын жанрлық жағынан ғана емес, тақырыптық жағынан барынша қамтып, мейлінше мол материалдар беруге тырыстық, – деді энциклопедияны құрастырушылар тобын басқарған жазушы Таятқан Рсаев.

Жаңа энциклопедияны жарыққа шығарған «Қазақпарат» баспа корпорациясының



президенті Қонысбек Ботбай: «Бұл кітапты 2010 жылы жоспарлап, ұсынысымызды Әділет министрлігінде тіркетіп, рұқсат куәлігін алып, материалдар жинақтауды бастаған едік. Тек былтыр ғана Мәдениет және спорт министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша көзделген мақсатқа қол жеткіздік. Бір жыл бойы энциклопедия құрастыруда тәжірибесі бар мамандарды

тартып, осы кітаптың басын құрадық. Жасалынып жатқан жұмыстан хабардар жұрт баспамызға келіп, ақыл-кәңес беріп отырды. Сондықтан Мұқағали ақын туралы мәліметтер барынша қамтылды. Егер кемшін тұстары болса, Мұқағали дәуірі енді басталды, ақын шығармашылығы әр кезеңде өзінің лайықты бағасын ала береді», – деді.

Ұлы ақынның өмір жолы, туған жері, өскен ортасы, үрім-бұтағы, таным-сенімі, қаламда жолдастары, қоғамдық, әлеуметтік, діни көзқарастарына байланысты нақты мағлұмат беретін материалдар жүйелі жинақталған. Энциклопедияны құрастырушылар оны шығаруда «Мұқағали» журналының және Мұқағали Мақатаев атындағы халықаралық қордың көмегі көп болғанын айтады.

Сонымен, көлемі 90 шартты баспа табақ болатын энциклопедия 3 мың тиражбен тарап отыр. Қосымша таралымға «Қазақпарат» баспа корпорациясы қаражат бөлген.

АЛМАТЫ